

Жітіқара ауданының Тоқтаров ауылдық округінің шекараларын өзгерту туралы

Қостанай облысы мәслихатының 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 391 шешімі және Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 1 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 9 сәуірде № 5509 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына және 27-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, Жітіқара ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 111 және Жітіқара аудандық мәслихатының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 309 «Жітіқара ауданының Тоқтаров ауылдық округінің шекараларын өзгерту туралы» қаулысы мен шешімінің негізінде Қостанай облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай облыстық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Осы қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес Жітіқара ауданының Тоқтаров ауылдық округінің шекараларына қосылатын жерлердің экспликациясы бойынша жалпы алаңы 4758 гектар өнеркәсіп жерлерін қосу жолымен Жітіқара ауданының Тоқтаров ауылдық округінің шекаралары өзгертілсін.

2. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 1999 жылғы 26 қазаннан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қостанай облысының әкімі

Сессия төрағасы

_____ *Н. Садуақасов*

_____ *А. Сагнаев*

*Қостанай облыстық
мәслихатының хатшысы*

_____ *С. Ещанов*

Қостанай облысы әкімдігінің
2015 жылғы 7 сәуірдегі
№ 1 қаулысына және
Қостанай облыстық
мәслихатының 2015 жылғы
7 сәуірдегі № 391 шешіміне
қосымша

Жітіқара ауданының Тоқтаров ауылдық округінің шекараларына қосылатын жерлердің экспликациясы

Жер пайдаланушылардың атауы	Жалпы алаңы, гектар
Өнеркәсіп жерлерін қосқанға дейін Тоқтаров ауылдық округінің шекараларындағы жерлер алаңы	45838
Тоқтаров ауылдық округінің шекараларына қосылатын өнеркәсіп жерлер алаңы	4758
Өнеркәсіп жерлерін қосқаннан кейін Тоқтаров ауылдық округінің шекараларындағы жерлер алаңы	50596
1999 жылға дейін Жітіқара қаласының шекараларындағы жерлер алаңы	10777
Өнеркәсіп жерлерін шығарғаннан кейін Жітіқара қаласының шекараларындағы жерлер алаңы	6019

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК